**Автор**: АНДАШЕВА ГУЛЬАЙМ ДУЗБАЕВНА
**Пән**: География
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Гидросфера
**Тақырып**: Құрлық суларының пайда болуы мен қалыптасу жолдары

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды 8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді (қазақстандық компонент негізінде) |
| Сабақ мақсаттары | Құрлық суларының типтерін, негізгі түрлерін, ерекшеліктерін біледі, • Дүние жүзінің құрлық суларының түрлерін анықтайды Құрлық суларын картада көрсете біледі. |
| Бағалау критерийлері | Құрлық суларын ажырата алады. Картадан құрлық суларын табады. Құрлық суларының шаруашылық маңызын түсіндіреді. |
| Бағалау критерийлері | Құрлық суларын ажырата алады. Картадан құрлық суларын табады. Құрлық суларының шаруашылық маңызын түсіндіреді. |
| Тілдік мақсаттар | Пәнге тән лексика мен терминология: Құрлық сулары Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Өзен.......................................................... Жер асты сулары....................................... Су электр станциялары.............................. Көлдер.......................................................... Мұздықтар.................................................... |
| Құндылықтарды дарыту | Құндылықтарды дарыту топтық, жұптық жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар бір - біріне құрмет көрсету арқылы жүзеге асырылады |
| Пәнаралық байланыстар | Химия, биология пәндерімен байланыс жасайды |
| АКТ қолдану дағдылары | АКТ дағдыларын дамыту өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп табуда ғаламторды қолдануда және презентация жасау барысында жүзеге асады. |
| Бастапқы білім | 7 сыныпта алған гидросфера таруы бойынша алған білімдері |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5мин) | II.Жаңа сабақтың оқу мақсатымен бағалау критерийімен таныстыру. Тақырыпқа байланысты бейнебаян көру. «Құрлық суларының пайда болу жолдары» I.«Карусель» әдісі арқылы топтық жұмыс. Оқушылар оқулық пен суреттерді пайдаланып құрлық суларын жоспар бойынша талдау жасайды. 1-топ.Өзендер Өзеннің негізгі элементтері мен пайда болу жолдары. Өзеннің шаруашылықтағы маңызы. Жер шарындағы ірі өзендерді атау.Картадан көрсету 2-топ.Көлдер Көлдердің пайда болу жолдары. Көлдердің түрлері. Шаруашылықтағы маңызы Әлемдегі ірі көлдерді картадан көрсету. 3-топ.Мұздықтар Мұздықтардың пайда болуы Қай аймақта кездеседі Маңызы қандай. Картамен жұмыс 4-топ.Жер асты сулары. Жер асты суларының пайда болуы. Түрлері:грунт,артезиан сулары. Шаруашылық пен туризмді дамытудағы рөлі. Еліміздің қай аймағында таралған. Дескриптор: Білім алушы -құрлық суларының таралуын анықтайды. -құрлық суларының пайда болуын сипаттайды. -құрлық суларының шаруашылықтағы маңызын анықтайды. -құрлық суларының туризмді дамытудағы маңыздылығын анықтайды. -құрлық суларының ластану жолдарын анықтайды. -құрлық суларын қорғау жолдарын ұсынады. -құрлық суларын кескін картаға түсіреді. Бағалау: топтар бірін-бірі бағалайды. II. а)Дәптермен жұмыс (10 өзен) Дүниежүзінің физикалық картасы Өзеннің аты Бастауы Сағасы Қай материкте орналасқан Дәптермен жұмыс (10 көл) Көлдің атауы Қай материкте орналасқан Дескриптор: оқушылар карта қолдана отырып 10 өзен,10көлдің атауын,қай материкте орналасқанын, өзендердің бастау алатын құятын жерін анықтайды III.Картамен жұмыс:аталған өзендер мен көлдерді кескін картаға түсіру. Көлдер:Чад,Каспий,Үлкен тұзды көл,Титикака,Байкал. Өзендер:Амазонка,Ніл,Ертіс,Хуанхэ,Мисиссипи,Дунай Дескриптор: оқушылар кескін картаға ірі өзендер мен көлдерді дұрыс түсіре алады. Бағалау: мұғалім «мадақтау» әдісі бойынша бағалайды. IY. Қазақстанның құрлық сулары .Картадан көрсету 1.Әр топқа өзен ,көлдер беріледі. Осы өзен көлдердің шаруашылыққа пайдалануын оқушылар өздеріне берілген үлгіде таныстырады. Iтоп-Ертіс өзені(мінездеме) II топ-Сырдария (резюме) IIIтоп- Каспий теңізі (диплом) IY топ- Арал теңізі ( өмірбаян) | бейнеоролик Презентация Карта Презентация Карта Дүниежүзінің физикалық картасы Презентация Кескін карта |
| Сабақтың соңы (5 минут) | Кері байланыс. «Нысана» әдісі арқылы сабаққа рефлексия жазып, тақтаға жабыстырады. Үйге тапсырма: Қазақстандағы өзендерді өзен алабтары бойынша топтастыру. | |